

Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы
Қаратөбе аудандық білім беру бөлімі
«Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ

**«Кіші жүз батырлары»
факультативтік курсы**



Орал-2020

БҚО білім басқармасының білім беруді дамыту орталығы эксперттік кеңесінің отырысында қаралып, облыс педагогтеріне таратуға ұсынылды.
Хаттама №2, 11.05.2020 ж.

Құрастырған: Баймулдина Айнур Асылбековна - «Қаратөбе мектеп-гимназиясы КММ-нің тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Пікір жазғандар:

Ж.Ж.Жақсығалиев - М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

М.К.Арыстанов – Сырым ауданы ЖББ Қ.Мырзалиев атындағы ОМ-тің тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер

А.Ж.Жумағалиева – «Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ-нің тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші

Бұл курс - туған өлкеміздің, Кіші жүз тарихының ерлік, батырлық дәстүрін жас буынның тарихи санасына қалыптастыруды көздейді. «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында оқушыларға «Туған Ел» идеясын Кіші жүзден шыққан батырлар өмірі мен ерліктері арқылы ұғындыруға бағытталған.

БҚО, Қаратөбе ауданы, «Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ-нің тарих пәні
мұғалімі

А.А.Баймулдинаның «Кіші жүз батырлары» факультативтік курсына

ПІКІР

«Кіші жүз батырлары» факультативтік курсы білім алушыларды осы өлкенің батырларымен таныстыра отырып, жаңартылған білім мазмұны аясында оқушылардың білім, білік, дағдысын қалыптастыруда маңызы зор.

Озат тәжірибе бойынша дайындаған курс бағдарламасы мен қысқа мерзімді сабақ жоспары үлгісінің көмегі бар деп есептеймін. Мысалы: дерекпен жұмыста топонимдерді теріп жазыңыз, батырға тән қасиеттерді атаңыз» сынды тапсырмаларда алған білімін жинақтауға бағытталса, «Найзасының ұшы алтын, бірі етек, бірі жең» тақырыбында эссе жазу секілді тапсырмалар оқушының өз ойын дәлелді фактілермен жеткізе алуына қолдау көрсетеді. «Аққозы-Қобыланды батыр серігі» деген тұжырымды талқылау арқылы қосымша дереккөздерін пайдаланып, білімін дамыту мақсатында жұмыстанады.

Тәжірибе құрастырушы ұстаз оқушыға «Туған ел» идеясын өткен замандарда Кіші жүзден шыққан батырлар өмірі мен ерліктері арқылы ұғындыруға тырысып, оны менгертудің түрлі жолдарын іздестірген және нақты әдіс-тәсілдер үлгісін ұсынған, мәселені шешу жолдарын таба білген.

Жұмыс ғылыми еңбектермен танысып, мазмұнын айтып, тарихи тұрғыда ойлау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.


Педагог оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, танымдық деңгейін арттыруымен қатар, курсты оқушының батырлар өмірімен танысып, халқының тәуелсіз ел болуы үшін жасаған ерліктері туралы жан-жақты білімдерін толықтыруына құрған.

А.А. Баймулдинаның бұл еңбегі бүгінгі таңдағы өлкетану және жаңартылған білім мазмұны аясында өзекті басымдықты шешуге және жеке тұлғаның білімін, әлеуетін, функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталуымен құнды деп бағалап, өзге әріптестеріне көмегі тиеді деген сенімдемін.

М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті:



М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті: Ж.Ж.Жақсығалиев
Қолы қойып, нақтылығын
сендіремін
25. 09. 2020.
екімшілік бөлім
инспекторы



Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы «Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ -нің тарих пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші Баймұлдина Айнур Асылбековнаның 10-11 сынып оқушыларына арналған «Кіші жүз батырлары» атты факультативтік курсына

Пікір

Ұсынылып отырған факультативтік курсы жалпы білім беретін мектептердің Қазақстан тарихы пәнінен сабақ беретін мұғалімдеріне 10-11 сыныптарда «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды іске асыру мақсатында әзірленген.

Автор курс бағдарламасын құрастырудағы мақсатында «Туған ел» идеясын еліміздің Кіші жүз аймағынан шыққан батырлардың өмірі мен ерлік істері арқылы мағлұмат беру арқылы оқушылардың тарихи танымдылығын жан-жақты дамыту және олардың бойындағы патриоттық сезімдерін оятуды көздейді.


Курс мазмұнының бағдарламасы түсінік хаттан, 34 сағаттық курс жоспарынан, оқу мазмұнынан, сабақта қолдануға қажетті дереккөздерінен тұрады. Сонымен бірге, сабақты тиімді ұйымдастыру, оқушылардың курсқа қызығушылығын арттыру мақсатында ұстаздар үшін түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану, сабақ жоспарының үлгісі ұсынылады.

Жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықтарымызды дарыта отырып, заманауи білім кеңістігінде тиімді әдіс-тәсілдер мен қажетті ақпараттарды ұсынуы тарихшы ұстаздардың пәннен енген қосымша тапсырмаларды сыни талқылаудан өткізіп, оқушылармен бірге жұмыстануда әдістемелік көмекші құрал болады деп есептеймін.

БҚО, Сырым ауданы
ЖББ Қ.Мырзалиев ат. ОМ-тің
тарих пәні мұғалімі, педагог-шебер



Арыстанов Мукат
Кайыржанұлы



Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы,
«Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ -нің
тарих пәні мұғалімі Баймұлдина Айнур Асылбековнаның

**«Кіші жүз батырлары» факультативтік курсына
Пікір**

Ұсынылып отырған факультативтік курс бағдарламасы 10-11-сыныпта ол Отанының тарихын терең оқуға, оқушылардың «Батыр, батырлық, ерлік» ұғымдарын түсінуіне, халықтың басынан өткізген қиын-қыстау заманда ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, тарихи оқиғаларда ерлігімен ерекше көзге түскен, өлкеде болған батырлар туралы толық білуге негізделген.

Курс «Батырлық, ерлік» ұғымын тереңініп түсіндіру арқылы Отанды құрметтеумен қатар оқушылардың ел тарихы, батырлардың өмір жолы туралы білімдерін кеңейтуді мақсат тұтады.

Бағдарлама түсінік хаттан, курс жоспарынан (34 сағат), оқу мазмұнынан, сабақта қолдануға қажетті дереккөздерінен тұрады.

Бұл материалды оқыту Отан тарихы бастауып алған Кіші жүз тарихының түп тамырын батырлардың ерлік жолымен ұштастыру арқылы оқушыларға ұғындырады.

Тарих пәні бойынша жасалынған бағдарламаны оқу үрдісінде оқушылардың нақты білімін арттыру үшін Сындарлы оқыту Бағдарламасының жеті модулін ықпалдастыру арқылы жүзеге асыру маңызды деп есептеймін.

«Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ-нің

жоғары сапатты тарих пәні мұғалімі,

педагог-зерттеуші:

А.Жумағалиева

Түсінік хат

«Кіші жүз батырлары» атты факультативтік курсы «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды іске асыру мақсатында 10-11-сыныпта оқитын оқушылар үшін арнайы әзірленді. Бұл курста оқушы негізінен «Туған ел» идеясын өткен замандарда Кіші жүзден шыққан батырлар өмірі мен ерліктері арқылы ұғына алады. Әр тақырыпты «Мәңгілік ел» патриоттық актісімен байланыстыра оқыса, өзектілігі мен тәуелсіздіктің маңызы туралы толық түсінеді. Батырлар өмірімен танысып, халқының тәуелсіз ел болуы үшін жасаған ерліктері туралы жан-жақты білімдерін толықтырады. Батыс Қазақстан өңірінің тарихы - қазақ халқы тарихының бір құрамдас бөлігі. Сондықтан оқушыларға Кіші жүз тарихындағы батырлар ерлігі туралы білім бере отырып, Отан тарихына сүбелі үлес қоса аламыз. Сондай-ақ «Мәңгілік Ел» идеясымен танысып, өздерінің пікірін айтып, өз көзқарастарын деректер негізінде талдайды. Ғылыми еңбектермен танысып, мазмұнын айтып, тарихи тұрғыда ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Тарих ғылымдарының кандидаты Жаңабек Жақсығалиев өз мақаласында: «біріншіден, даңғайыр аумақты бауырына басып жатқан Кіші жүз халқы - Ш.Уәлиханов жазғандай, батырлар ұрпағы. Кіші жүздіктердің бұлтақтатпай тура айтатын тік мінезі, өрлігі мен ерлігі алты алашқа аян. Халқының жаужүректілігі мен аламандығын бәрінен биік қойған Кіші жүз көсемдері хан алдында жалтақтамай, қорғалақтамай батыл сөйлеген. Қарашасының қамын күйттеген Кіші жүз жақсыларының өздеріне деген сенімділігі сол - хан алдында жасқанып-тартынбай, өздерінің өр мінезін көрсетіп, ар-намысын жоғары ұстаған» дей келе, бұл аймақтың өзіндік ерекшелігіне назар аударуды ұсынады.

«Кіші жүз батырлары» курсы қоғамдық –гуманитарлық сыныптағы Қазақстан тарихы пәніне қосымша оқытуға арналған. Аптасына 1 сағат, жалпы 34 сағатты құрайды.

Мақсаты:

Өзіміздің туған өлкеміз-Кіші жүз тарихының ерлік, батырлық дәстүрін саралау арқылы жас буынның тарихи санасын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Өлке тарихындағы батырлар туралы қордаланған білімді бере білуі;
- Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда Кіші жүз жері ұлт-азаттық қозғалыстардың қызу ошағына айналғанын қарастыру;
- Кіші жүз даласын ерлікті паш еткен рухы жасымаған өлке ретінде ашып көрсету;
- Батырлықтың Кіші жүз ұрпағына тән екендігін тарихи фактілермен зерделеу;

Күтілетін нәтиже:

А) Кіші жүз батырларының тарихын біледі.

В) Батырлар ерлігінің ел басына күн туған кезеңдегі маңызын түсінеді.

С) «Кіші жүз халқы -батырлар ұрпағы» тарихи сабақтастығын талдайды.

Сабақ түрлері: дәріс сабағы, конференция, жоба қорғау, дебат, экскурсия, т.б.

Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер:

Жаңа тәсілдер: диалогтік оқыту (топтық, зерттеушілік әңгіме, әңгіме-дебат); жоғары және төмен дәрежелі сұрақтар. Түрткі сұрақтар, қайта бағыттау сұрақтары.

Сыни ойлау: ой қозғау, «ТВ-шоу» әдісі ой қозғау, «Еркін жазу», «Лездеме», «8 бұрыш ішінде» стратегиясы, «РАФТ» әдісі, «Алты қалпақ», «Кезбе тілші», «9 ромб», «Айналмалы бекет», «Ыстық орындық», «Стикердегі диалог», «Бинго» әдісі, «Конверт-сұрақ», «Кампания плакаттары», эссе жазу

АКТ: визуалдандыру, таныстырылым (бейнежазба, аудиожазба, карта, диаграмма, сызба, кесте, презентация)

Ұйымдастыру формасы: жеке, жұптық, жалпысыныптық

Курсты қорытындылау формасы: ғылыми -зерттеу жобалары, зерттеу жұмысы

Білім алушылардың білімін бағалау және тексеру әдісі: түсіну, талдау, салыстыру, бағалау дағдыларын тексеруге арналған тапсырмалар

«Кіші жүз батырлары» факультативтік курсы бойынша бағдарлама мазмұны

1. «Кіші жүзді найза бер де, жауға қой»

Кіші жүз қазақ халқының тарихында ерлігімен, жаужүректігімен даңққа бөленген ұлыс. Халық аузындағы «...Кіші жүзді найза бер де, жауға қой» деген тәмсіл Алшынның тарихи-этномәдени, геосаяси сипатын, ментальдық болмысын аңғартады. Қазақ елінің бірлігіне, жерінің тұтастығына қауіп бұлты төнген шақта Әбілқайыр баһадүр бас қолбасшы сайланып, Жалаңтөс батыр қол бастап келгені белгілі. Қазақ жерінің тұтастығын сақтауда, оны батыста Қасым хан заманындағы Қазақ мемлекетінің шекарасына дейін ұлғайту жолында Кіші жүздің ерекше рөл атқарғанын айтқан абзал. «Сөз атасы» Майқы бидің: «Бектен туған Алшын-ды, Біз үшін қанға малшынды, Іргеңе жауың келгенде, Сілтейтін найза-қамшың-ды» деген шумағының астарында терең мағына жатыр.

2. Аққозы батыр

Халқымыздың арғы-бергі тарихында есімдері ұрпаққа ұран болып қалатындай, өздері өмір сүрген дәуір мен одан бергі кезеңде ерліктері ел аузынан түспей келген батырлар мен билер болған. Солардың бірі Қобыландының серігі, әрі батыр әрі би – Аққозы. Оның даңқы тек мұнымен шектелмейді. Аққозының атын Қазақ хандығы мен қазақ мемлекеттілігін тарих сахнасына алып шыққан Керей мен Жәнібек хандардың есімдерімен де байланыстыра аламыз. Ол осы тарихи тұлғалармен қатар өмір сүріп қана қоймай, олармен үзеңгілес серік те бола білген. Қобыландының баласы Бөкенбай қалмақтардан көлді тартып алып, оны батырға сыйлаған екен. Осы көл Аққозы деп аталған. Аққозы туралы деректер бізге Қоржын ақын арқылы жетті. «Қобыланды батыр» жырының Қоржын жырлаған нұсқасында беріледі:

Қияқтан шыққан бес батыр,

Қарақозы, Аққозы –

Қатардан асқан қос батыр.

Жырда кездесетін Аққозы, Қоскөл, Аққұм, Шыңғырлау топонимдері әлі күнге өзгермей сақталған.

3. Жалаңтөс баһадүр Сейіткүлұлы

Жалаңтөс баһадүр Сейіткүлұлы. Тегі – Кіші жүз-Алшын-Қаракесек-Әлім-Төртқара (Қарамашақ) аталығынан. Жалаңтөс баһадүрдің тегінен сыр шертсек, арғы атасы Ораз қажы (1299-1385) найзаның ұшы, қылыштың жүзімен жарты әлемді тітіреткен Әмір Темірдің (Ақсақ Темір) бас уәзірі, әрі ақылшы-сәуегейі болған. Өзбек және қазақ батыры, әскербасы, Самарқан әмірі. Жалаңтөс Сейіткүлұлы XVII-XVIII ғасырларда өмір сүрген Әйтеке бидің атасы болып келеді. Жалаңтөс батыр 12 жасынан Тамды және Қызылқұм қазақтарының ханы Дінмұхамедке қызмет ете бастады. Жас кезінен-ақ зерделілігі және төзімділігімен көзге түсті. Оның аты халық арасына кеңінен танылды. Оған сол дәуірдің жоғары дәрежесі — "Аталық" атағы берілді. 1640 жылы Жалаңтөс батыр қазақ және өзбек жерлеріне шабуыл жасаған қалмақ ханы Батурға қарсы қол бастап, оны жеңіліске ұшыратты. 1643 жылы Жетісу жеріне баса-көктеп кірген жоңғар қалмақтарымен соғысып жатқан Жөңгір ханға 20 мың өскерді көмек ретінде жіберді, мұның өзі басқыншыларды талқандауға зор үлес қосты.

4. Жиёмбет Біртоғашұлы

XVI ғасырдың соңғы ширегі, XVII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген «Алшын» руынан шыққан, еңсегей бойлы Ер Есімнің Кіші жүздегі ел басқарушы биі, әскербасы батыры. Ол, әсіресе, 1620 жылғы ойраттармен күресте өз ерлігімен ерекше көзге түскен. Өз кезегінде Кіші жүзді құрайтын үлкен рулардың бірі – Он екі ата Байұлы болса, оның бір тармағы – жеті баулы Тана. Жиёмбет осы Тананың рубасы, әрі жауға шапқанда ұраны да болған. Рудың өзінің көпшілігінің кісі аттары екендігі де тарихтан белгілі. Жасы 98-ге келіп қайтыс болған Жиёмбет тана. «Жиёмбет-тің әкесі кітаптағыдай «Бортоғашұлы» емес, дұрысы «Біртоғашұлы» екен.

5. Байбарақ Құдайқұлұлы

Батыр шамамен ХҮІІІ ғасырдың басында өмір сүрген. Қалмақтардың қазақ даласына жасаған көп шапқыншылығының бірінде 14 жасар Байбарақ қолға түсіпті. Қалмақ тұтқынында болған 4-5 жылда қайсарлығымен, батылдығымен тәпті еткен. Елге келген соң қалмақ еліне ұрыс қылуға қол жинап, Сейтімбет батырдан бата алады. Көп кешікпей ала таңда Байбарақ деген ерекше екпінді дауыс естіліп, қалмақ басшысын тұтқындапты. Бұл Байбарақтың ең алғашқы ерлігі екен. Сейтімбетке жеңіс хабарын жеткізе келгенде: «Мен болсам қартайдым. Ендігі жерде Алаша елінің ұраны «Байбарақ» болсын», - деп, батасын беріпті дейді. Батыс Қазақстан облысына қарасты Базаршопан елді мекенінен он бес шақырымдай жерде Байбарақ аталатын мазарда батырдың дулығасына ұқсас сегіз қанатты кесене бар. Кесене сырты киіз үйдің элементтерімен әшекейлендіріп, есік маңдайшасына «Байбарақ ата» деп жазылып, бес қаруы қабырғаға ілініп тұрғандай етіп, тастан қашалып жасалған. Байбарақ батырдың мұсылмандығынан хабар беретіндей дулығасының сәлдесі де көрсетіліпті.

6. Шолан батыр

Шолан атауы Жеті баулы танаға кіретін рулар қатарында берілген. Мұның өзін жай беріле салды деуге келмейді. Өйткені ол деректің өзі қандай да бір шежіреден алынған болуы керек. Мәселен, орыс зерттеушілері И.Ф.Бларамберг (1848 ж.), Л.Мейер (1865 ж.) еңбектерінде Тана руының ұраны Шолан деп көрсетілген. Осыған қарамастан, кейінгі зерттеулердің барлығында дерлік Тана руының ұраны Тана, Жиёмбет, Малайсары делініп, Шолан есімі мүлдем ауызға алынбайды. Жиёмбет батыр XVI ғасырдың соңғы ширегі мен XVII ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрсе, Қараман Тана Малайсары би XVIII ғасырдың өкілі, яғни, Шоланның кіші ұлы Даттың, немересі Сырымның замандасы. Ел аузынан жеткен әңгімелерге иек артсақ, сыртқы жауға қарсы күресте қол бастаған Шолан батыр кісі қолынан қаза тапқан. Бірде Шолан өзінің көршілестері екі адамға еріп Бұхара, Хиуа, Самарқандқа сауда істеуге сапарлап шыққан. Бірнеше күн жүргесін дем алу үшін бір елсіз далаға түнеп, тамақ пісіруге қостарының алдынан жерошақ қазғанда көп алтын шығыпты. Түнгі ұйықтауға жатқасын екі жолдасы алтынды өздері бөлісіп алуды ұйғарып, ұйықтап жатқан жерінде аяқ-қолын байлап, Шоланды өлтірген.

7. Дәуқара Қарақожаұлы

Дәуқара 1687-1751 жылдары өмір сүрген батыр, би. Есімі байұлы тайпасы құрамындағы байбақты руының ұранына айналған. Дәуқара Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы шайқастарға қатысқан. Қаратөбе ауданы, Егіндікөл ауылдық округі, Жігерлен елді мекеніндегі Дәуқара батыр жерленген көне қорым аймағы қоршалып, зират

басына тас төселіп, мрамордан белгі орнатылған. Бұланты шайқасында тама Есет батырдың ұсынысымен жығылған туды жоғары көтерген Дәуқараның атын руға ұран етіпті. Дәуқара Ақжайық ауданының Қырыққұдық, Өлеңті ауылдары маңын қоныстанған Байбақты руының Өлтеке тайпасының маңдай алды батыры болатын.

8. Бармақ батыр

Бармақ – Қаратөбе ауданындағы жер аты. Бармақ Алты ата әлімнен тарайтын кете руының маңайалды батыры болған. Көршілес жатқан Ақтөбе облысының жерін мекен етсе керек. Бармақтан сескенгендіктен ешкім оның елінің малына тиісе алмаса керек. Бармақ туралы, оның орасан батырлығы туралы әңгіме Дәуқара батырға жетіпті. Дәуқара қырық жігітімен Бармақ ауылына бағыт ұстайды. Ара қонып Бармақ ауылының жылқышыларына тиіседі де, жылқыны бөліп айдап алып жүре береді. Төтеп бере алмаған жылқышылар жылқының барымтаға түскенін иесіне хабарлайды. Хабарда жылқыны бір дәу қараның айдап бара жатқанын айтады. Сол кезде Бармақтың жасы жетпіске таяп қалса керек. Бірақ соған қарамастан барымташыларды өзі қуып береді. Қазіргі Бармақ деп аталатын оба тұсында Дәуқара оны өзі жеке күтіп алады. Осы жер ұрыс салған екі батыр бірін-бірі ала алмай, ең соңында найзаларын бір-біріне қатар салыпты. Жасандай Дәуқара біраз жүріп барып Қалдығайты өзенінің бойындағы қырат басында жан тапсырыпты. Ал Бармаққа топырақ ұрыс даласына бұйырыпты. Ол кезде қазақтар мола тұрғызбайтын. Батырлар мен билердің зиратына ғана оба үйілетін болған. Нөкерлері екі батырдың басына да оба үйіпті.

9. Қоске батыр.

Қоске әулие Он екі ата Байұлының ішіндегі ең үлкені Масқардан тараған. Ол қолбасшылығымен, көшбасшылығымен, ел басқарудағы ерекше қабілетімен ерекшеленген екен. Батыр жоңғар шапқыншылығына мыңдаған қолда бастап барған, жүрек жұтқан батылдығымен ел есінде қалған. Сол сияқты оның дұға арқылы өрт, топан суды қайтаратын қасиеті болыпты. Қажылыққа да бірнеше рет барған. Қазіргі Қаратөбе ауданына қарасты, Бесоба деген жер «Қалмыққырылған» атауын алған. Кезінде дәл сол жерде Қоске батыр әскер жинап, жоңғарларға тойтарыс берген. Жергілікті жұрт батырдың аруағына Құран бағыштап, басына жиі келіп тұрады. Мәселен, өткен ғасырдың 50-жылдары жеті отар қой топалаң ауруына шалдыққанда, иелері арнайы батыр басына әкеліп түнетіпті. Сол сияқты 1912 жылы аштықтан босып келе жатқан бір топ адам осы әулиенің басына келіп, жан сауғалаған екен. Батыр Қоске кесенесі Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Ханкөл ауылында орналасқан.

10. Қалқаман Шаңқанұлы

Қалқаман – Кіші жүздің Байұлы тайпалар бірлестігі құрамындағы Тана тайпасының тумалары. Шежіре бойынша тана тайпасынан – Шаңқан, Біртоғаш деп аталатын екі іргелі ру тараса, сол екеуінен өрбіген жеті кіші руды жинақтап «Жеті баулы тана» дейді. Оған қоса Қалқаманның Шаңқаннан, Жиёмбеттің Біртоғаштан тарауы, олардың өзара жақын немере бауыр екендігін көрсетеді. Шежіре бойынша Жиёмбет Біртоғашұлы мен Қалқаман Шаңқанұлы Тананың немерелері, яғни Танадан санағанда үшінші ұрпақ болса, келесі бір нұсқада Тана – Шаңқан – Бақтыгелді – Жақсыгелді – Қалқаман болып тарайды.

11. Атағозы Айтқұлұлы

Атағозы Айтқұлұлы (1704 – 1794) – батыр. Руы – адай. 40 мыңдай қазақ, қарақалпақ жастарының 1723 жылы қалмақтармен соғысында ерлігімен аты шыққан. 1726 жылы қалмақ ханы ЦэренДондукке қарсыжорықтардаерекшекөзгетүсті. Кейіннен Еділ, Жем, Үстірт, Маңғыстау жерлерінде басқыншылармен болған шайқастарға қатысқан. Халық аузында Атағозы батыр туралы және батыр айтты деген көптеген қанатты сөздер сақталған. Атағозы Сырымның 15 биінің бірі болғаны белгілі 1785 ж шілде айында Нұралы ханды тақтан тайдыру туралы патша II Екатеринаның атына талап хат жазған Кіші жүз батырлары мен билерінің тізімінде "Адайдан Атағозы, Өмір, Шотан, Асан бидің аты аталып қолы қойылған" Х.Досмұхамедов өзінің «Аламан» жинағында Атағозы есімін қазақтың атақты билері қатарында атайды. МұратМөңкеұлы, Аралбай, Нұрым сындыақын-жырауларАтағозыныжырғақосқан. ЗиратыБейнеудегі Бекетата мешітініңсолтүстігінде 2 км жерде.2004 жылы батырдың 300 жылдығыоблыстакеңкөлемдеаталыпөтті.

12. Тайлақ батыр

Тайлақ - шекті Бекежан батыр Айбекұлының бәйбішесі Салихадан туған үш ұлдың бірі. Кіші жүздің жетіруынан шыққан. Әбілқайыр ханмен үзеңгілес құрдас әрі ақылшы-кеңесшісі болған. 1726 жылы Ордабасы жиынында Кіші жүз жасақтарының қолбасшысы болып сайланды. Тайлақ жиені, Ұлы жүздің батыры ошақты Саңырықпен бірге жоңғарларға қарсы күресте ерлігімен көзге түскен. Бұланты –

Білеуті шайқасында, Аңырақай шайқасында Кіші жүз жасағын басқарған. Қожаберген жыраудың “Елім-ай” дастанында Тайлақ есімі де аталады. Көрнекті түркітанушы ғалымдар В.В. Бартольд, И.Кастанье, Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, М.Тынышбаев еңбектерінде де Тайлақ есімі жиі кездеседі. Тайлақ жайында жазушылар Қ.Есенберлиннің “Жанталас” (1973), Ә.Кекілбаевтың “Үркер” (1981), “Елең-алаң” (1984), Ә.Әлімжановтың “Жаушы” (1974), С.Сматаевтың “Елім-ай” (1978, 1980) атты кітаптарында суреттелген. Тайлақ және оның ағалары Байрақ, Қайрақ туралы мағлұматтар “Қыз Жібек” дастанының Сегізсері нұсқасында, “Елім-ай” және Ж.Жабаевтің “Саурық батыр” жырында ішінара кездеседі. Сырым ауданы Шідерті елді мекені маңындағы Тайлақ атанған ауыл бар. Оның іргесіндегі қорым да солай аталады.

13. Есет батыр Көкіұлы

Есет Көкіұлы 1667 жылы дүниеге келген. Шежіреде оның тама руының Атамшал – Торым аталығынан шыққандығы анық көрсетілген. Аташалдан Торым, одан Базарқұл, одан Көкі. Осы әкесі көкінің кей деректерде Көге деп аталуы кездеседі, мәселен алаш арысы Халел Досмұхамедовтің атақты «Аламан» тама руынан шыққан Көге есімді адамның заманында атақты болғанын жазылады. Әрі батыр, әрі аузы дұғалы Көкі өз ұлдарының болашағы жайлы: «Өзімнен өргеннің бір буыны тең болар, қалғаны қара болар» деген екен. Есет осылардың бәрінен өтіп, тархан дәрежесін алған, деңгейі биік, дәрежесі жоғары адам болған. Есет батырдың 17-18 жасында қолына найза алып, атқа қонғаны кіші жүз жеріне Еділ қалмақтары мен Жайық казактары төндірген қауіп-қатерлердің көбейіп кетуі кезіне сәйкес келген. Бұл кезеңді ұлы ғұлама Шоқан Уәлиханов былай сипаттайды: «...қазақ халқының өміріндегі қияметті кезең болды. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық казактары мен башқұрттар жан-жақтан килігіп, олардың ұлыстарын талқандап, малдарын айдап, адамдарын тұтас отбасымен тұтқындап алып кетті».

14. Қарабатыр Бөкенбай

1710 жылы Дүрбін-Ойрат тарапынан қатер туған кезде Тәуке хан Қарақұмда бүкіл Қазақ Ордасының құрылтайын шақырғаны туралы тарихтан белгілі. Сол құрылтайда Бөкенбай Қарабатырұлы қалмақ басқыншыларына қарсы күрес жүргізу үшін біріккен қазақ әскерінің Бас қолбасшысы болып сайланады. Қазақ Ордасының тарихында тұңғыш рет ұлыс тағдыры хан мен сұлтанға емес, қара қылыш батырға сеніп тапсырылды. Дүрбелең майданда Бөкенбай батыр бастаған қазақ әскері 1711 жылы қалмақтарға тойтарыс беріп, 1712 жылы ойрат ұлыстарының шегіне басып кіреді де, біраз қоныстарын қайтарып, үлкен жеңіске жетеді. Сонымен қатар Бөкенбай батыр 1726-1729 жылдардағы Бұланты, Бөленті, Аңырақай, Қалмақ қырылған т.б. соғыстарда жоңғарларға қарсы қол бастап, барлығында жеңіске жеткен. Жалпы Бөкенбайдың атасы Жиёмбет пен әкесі Қарабатыр, ұлдары Тіленші және Есенаман, немересі Жоламанда батыр болған. Барлығы да қазақ жерінің тұтастығы үшін күрескен баһадүрлер.

15. Барақ батыр

Барақ Сатыбалдыұлы (1743, Үстірт, Сам құмы — 1840) — батыр, Кіші жүз қазақтарының ұлт-азаттық қозғалысы басшыларының бірі. Барақ Сатыбалдыұлының батыр атағы 18 жасында (1761) торғауыт батыры Алакөбікті жекпе-жекте жеңгеннен кейін шықты. 18 ғасырдың 70-жылдарына дейін шөмішті-табын қолын бастап, Еділ мен Жайық арасында қалмақтармен соғысты. 1785-1792 жылдары Сырым Датұлы бастаған Ресей отаршылдығына қарсы күресте көтеріліс басшыларының қатарында болды. Сырымның жақын серігі Барақ Сатыбалдыұлы 3 мыңдық жасағымен Орынбор шебіндегі камал-бекіністер бойында және қазақ даласына жіберілген патша үкіметінің жазалаушы отрядтарымен кескілескен шайқастар жүргізді. Батырдың тегеурінді қарсылық әрекеттері орыс отаршыларының зорлық-зомбылығын шектеп, Жайықтың оң жағалауындағы қазақ жерлерін сақтап қалуға септігін тигізді, Батыс Қазақстанның отарлануын тежеп, әскери бекіністердің көптеп салынуына жол бермеді.

16. Сатай батыр

Сатай батыр (1779-1861жж.)- Алаша Аталық –Кенжеғараның баласы. Махамбет пен Исатайдың жасағында болған қарулы батырлардың бірі. Сатай батыр құлпытасы Батыс Қазақстан облысы, Ақжайық ауданы, Тайпақ өңірі, Базаршолан ауылдық округіндегі Мәңкібай атты көне қоныс маңында, Байғұтты сорының оңтүстік қабағындағы үлкен қорымда тұр. Бұл қорымды жергілікті қариялар «Кенжеғара қауымы» деп атайды. Мұнда XIX ғасырға жататын 40-50 құлпытас сақталған. Қорымның орта шенінде жер бетіндегі биіктігінің өзі екі метрден асатын үлкен құлпытас Сатай Кенжеғараұлына қойылған. Құлпытас сол жағына қарай сәл қисайған. Тастың жоғарғы бөлігіне байланған ақ шүберек қалдықтары бұл қабірде халық қастерлейтін тұлға жатқанын айғақтап тұр. Құлпытас жазуы ескі араб әріптерімен (қадимше) жазылған. Ағайынды Сарбөпе, Сатыбалды, Сатай Кенжеғариндер өз айналасына беделді рубасы, би, старшын атанған шынжыр балақ шұбар төс тұқым болған.

17. Досан батыр

Досан Тәжіұлы (1835, Маңғыстаудағы Бозашы түбегінің Жиделі деген жері (қазіргі Маңғыстау ауданы, Қызан ауылы) – 1876, Форт-Шевченко қаласы) – халық батыры, Маңғыстау көтерілісі басшыларының бірі. Досан Ресей үкіметінің 1868 жылғы

«Уақытша ережесін» әділетсіздік деп бағалап, халықты көтеріліске шығуға үндейді. Досан бастаған 400 сарбаз Ұшауыз деген жерде Маңғыстау приставы подполковник Рукиннің жазалаушы отрядын тас-талқан етіп жеңеді. Кавказдан жіберілген жазалаушы отрядпен Досан сарбаздары кескілескен шайқас жүргізе отырып, Хиуа хандығына өтіп кетеді. 1873 жылы Хиуа хандығын бағындыруға жіберілген Ресей әскерлеріне Қоңырат, Хожелі, Қарабайлы аймағында Досан тұтқиылдан шабуыл жасауды ұйымдастырып отырған. Досан Форт түрмесінде 2 жылдан кейін қаза тапты. Досан батырдың сүйегін туған жері Бозащыға Қаратөбе зиратына қойылған.

18. Сырым Датұлы

Сырым (1723-1802) - қолбасшы батыр, би, шешен, 1783-1797 жылдардағы Кіші жүз руларының орыс отаршыларына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің жетекшісі. Тегі - 12 ата Байұлына жататын байбақты руынан. Сырым Датұлының атасы Шолан байбақты руының белгілі батыры болған. Ол батырлығымен, бірбеткейлігімен дараланып, төрелердің қолынан қаза табады. Шоланды төрелер кескілеп өлтіріп кеткенде, төртінші баласы Дат шешесінің құрсағында қалған екен. Шешесі аман-есен босанған соң, төрелермен арадағы зіл ұмыт болмас үшін баланың атын Дат қояды. Ел аузында сақталған әңгіме-аңыздарда Сырым Датұлы тана руының Малайсары, беріш руының Алдар, есентемір руының Есет секілді билерінен бата алған көрінеді. Мұның өзі Сырым Датұлының Кіші жүз қазақтарының арасында өзіндік беделге ие болғанын аңғартады. Асқан ақылдылығы арқасында өз ортасында тым ерте танылып, әділдігімен «Бала би» атанды.

19. Қаратау би Өмірзақұлы кесенесі

Қаратау Өмірзақұлы XVIII-XIX ғасырда ғұмыр кешкен. Ол ел қорғаған батыр, әрі қара қылды қақ жарған әділ би болған. Сырым Датұлымен достық қарым-қатынас орнатқан. 1773-1775 жылдары болған Е.Пугачев бастаған көтерілісті қолдап, белсенді түрде атсалыққан. Сонымен қатар, би XVIII ғасырда ұзақ жылдарға созылған көтерілістерге қатысып қана қоймай, өзі де ұйымдастырып, Сырымнан кейінгі бастаушы тұлғалардың біріне айналған. Орыс патшалығына жазған өтініміне рұқсат алған соң, он мың Ысықтыны Жайықтың бергі жағына көшіріп алып келген. Өзінің Көкөзек бойындағы қонысына көтеріліс қолбасшыларын жиып, жиі-жиі басқосулар өткізіп тұрған. Өзі өткір ой айтып, өзекті мәселелерді шешуге білек сыбана кіріскен. Қаратау би 1802 жылы Сырым батыр Хиуада қайтыс болғанда батырдың құнын сұраушы топты бастап барады. Оның кесенесі тұрған жер – Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Жусандой ауылы.

20. Тіленші Бөкенбайұлы

Бөкенбай батырдың кіндігінен тараған Тіленші есіміне әдетте би деген сөз қосып айтылады. Ол Кіші жүз қазақтарының қарулы қозғалысында әйгілі Сырым батырдан кейінгі танымал тұлғалардың қатарында тұр. Тіленші халқының азаттығы үшін күресте атқа мініп, соңынан жаужүрек ұлдарды ерте білген, тура айтатын билігімен, елге мәлім ерлігімен танылған қайраткер. Тіленші батыр Бөкенбайұлы туралы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері Нұржан Жетпісбай мынадай анықтама береді: «Тіленші батыр — Жетіру одағының басқарушы биі, атақты батыр, тархан. Бөкенбай батырдың ұлы, Тарақты Табынның Жиёмбет бөлімінен тарайды. Ол XVIII ғасырда өмір сүрген. Тіленші батыр патша үкіметінің отаршылдығына қарсы күрескен, осы күресте белгілі қайраткер, батыр Сырым Датұлын қолдаған». Сол замандағы орын алған мынадай көрініс тарихтан көпшілікке жақсы таныс. Патша әкімшілігі қазақтарға мол жайылымы бар Жайықтың арғы бетіне өтуге тиым салады, ал ол

бетке өткен қазақтар казактардың тонауына ұшырайды. Міне, осы жай мал баққан елдің жаппай наразылығын тудырады. Осы наразылықтан туындаған күрес жетекшілерінің бірі Тіленші батыр болады. Ол 1500 адамнан тұратын жасақты басқарады.

21. Жоламан Тіленшіұлы

Жоламан Тіленшіұлы 1822 жылдың 27 тамызында табын, тама руларының батырларымен бірігіп, орыс-казак форпостарына шабуыл жасайды. Қыркүйек айында жасақшылар саны 1000-ға жетеді. Шерғазы сұлтан Жоламанның қарулы әскермен хан ордасын шабуға дайындалып жатқаны туралы Ресей әкімшілігіне мәлімдеме түсіреді. 1822 жылдың күзінде Жоламан Тіленшіұлы 500 қолмен Елек бойына шабуылдар ұйымдастырды. Жоламан Тіленшіұлы бастаған табын руының қарсылық күресі 1835 жылы бұқаралық сипат алады. Патша әкімшілігі мен әскерилері батырға «бүлікші», «қарақшы», «банда», «шайка», «хищник» деген теңеулерін тағады. Жоламан Тіленшіұлы бастаған азаттық күрестің алғашқы кезеңі 1817 ж. Орынбор шекаралық комиссиясының өкілі В.Топориннің іс-әрекетіне наразылық білдіруден басталды. Күрестің екінші кезеңі батырдың елдегі ахуалды патша шенеуніктеріне баяндап жазған хаттары, дипломатиялық шаралары арқылы көрініс тапты. Жоламанның адамгершілігі мол адам екендігін батырдың ауылында сегіз ай тұтқын болған Падуровқа қатысты «Он пробыл в плену восемь месяцев. Джулламан держал его конечно довольно хорошо» деген мәліметтен көруге болады.

22. Есенаман батыр

Есенаман – атақты Табын Бөкенбай батырдың немересі, Тіленші тарханның ұлы. Тарихтағы әйгілі Жоламан батырмен бір туған. Егіндікөл ауылының күншығыс бетіндегі орманның бір бөлігі Жәши талы деп аталады. Жәши – Жоламан батырдың ұлы. 1810 жыл шамасында дүниеге келген. Бөкенбай батыр Тәуке хан тұсындағы ел басына күн туған алмағайып заманда тұтас қазақ жасағына бас қолбасы болып, қауіпті жаудың бетін қайырды. Бөкенбай батыр бейнесі жазушы Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарында басты кейіпкерлердің бірі ретінде сипатталады. Оның ұлы Тіленші тархан Сырым батырмен тізе біріктіріп, патша үкіметінің озбыр саясатына қарсы тұрды. Жоламан, Есенаман сол Тіленшінің ұлдары еді. Есенаман есімі оның бауыры Жоламан батырға қатысты мұрағат құжаттарында сақталған.

23. Исатай Тайманұлы

Тайманұлы Исатай (1791–1838) – 1836–38 жылдары Батыс Қазақстанда болған халық көтерілісінің саяси көсемі, қайсар қолбасшысы, халық батыры. Кіші жүз Байұлының Беріш руынан. Жоңғар шапқыншылығы кезінде атағы шыққан Ағатай батырдың ұрпағы. Халық батыры И. Тайманұлы 1791 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Тайсойған құмындағы «Тайман жалы» деген жерде дүниеге келген. Исатайдың анасы Есентемір руының Тағашы бөлімінен. И. Тайманұлының төртінші атасы Ағатайдың (Тайман-Бегәлінің -Боқай-Ағатай) есімі қалмақтарға қарсы соғыста көрсеткен ерлігі үшін Беріш руының ұранына айналған Исатайдың жастық шағында оған ықпал жасап, қамқорлық еткен әкесі, Тайманның інісі — Жабал Бегәліұлы. 1808 жылы Жабал бастаған Бегәлі ауылы Бақсай бекінісі тұсынан Жайықтан өтіп, Бөкей ханның қарауына кіреді. Хан орысша сауатты, саясаттан хабары бар, халық алдында беделді Жабалды Беріш аулына старшина етіп қояды.

24. Махамбет Өтемісұлы

Махамбет Өтемісұлы (1804 ж., Ішкі Бөкей Ордасы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданының Нарын құмының Жасқұс деген жері. — 1846 ж. 20 қазан, Қараой өңірі, қазіргі Атырау облысының Индер ауданы) — қазақтың әйгілі ақыны, күйші композиторы, отаршылдыққа қарсы ИсатайТайманов бастаған көтерілісті (1836-1837) ұйымдастырушылардың бірі, осы көтерілістің жалынды жыршысы. Байұлы ішіндегі Беріш руының Жайық бұтағынан. Нәдір деген кісіден Мәлі (кейбір деректе Құлмәлі, Құлманияз деп айтылады) туады. Махамбет өзінің барша болмыс қасиеттерімен көшпелілер арасындағы көсем тұлғалардың бірі. Өзі өмір сүрген заманның ағымына жүйрік, қыр сырын жетік меңгерген, көзі ашық, көкірегі ояу, білімдар адам болған. Орыс, татар, араб тілдерін тәуір меңгерген. Мұны ол жазған хаттардан айқын аңғаруға болады.

25. Жанқожа Нұрмұхамедұлы

Жанқожа Нұрмұхамедұлы - қазақ батыры. Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық көтерілісінің басшысы. Жанқожа Нұрмұхамедұлы өзінің бүкіл өмірін Арал маңы қазақтарының тәуелсіздігі жолындағы күреске арнады. Жанқожа Кішкене шекті руының басшысы еді. Рулас туыстары оны жеке басының батылдығы, ерлігі және қаһармандығы үшін құрмет тұтты. Оның дүлей қара күші де, ат құлағында ойнайтын шебер шабандоздығы да бар еді. Сыр бойының қазақтары оны ақылды әрі әділетті би ретінде таныды. Батырдың өзгелерден бір ерекшелігі ол дінге берілген иманды кісі еді. Белгілі ғалым әрі қоғам қайраткері М. Тынышбаев ол туралы былай деп жазды: «Барлық үш жүзге ортақ батыр әрі би, қазақтардың бостандығы жолындағы атақты күрескер Жанқожа батыр орыстарды да, хиуалықтарды да, қоқандықтарды да мойындамады».

26. Жұмыр батыр

Жұмыр (19 ғасыр) – Исатай Тайманұлы бастаған ұлт-азаттық көтеріліске қатысқан батыр. Кіші жүз құрамындағы байұлы тайпасының байбақты руынан шыққан. Махамбет Өтемісұлының үзеңгілес серігі болған. Махамбет Жұмыр батырға арнап “Жұмыр – Қылыш” күйін шығарған. Зираты қазіргі Батыс Қазақстан облысындағы Қалдығайты ауылының маңында. Кіші жүздің он екі ата Байұлының Байбақты руынан тараған Шолан батырдан: Түкіш, Дат, Байторы және Есенбай тарайды. Бұл жерде Дат - би, шешен, атақты батыр Сырымның (шынаты - Сырлыбай) әкесі. Шоланның төртбаласының нағашылары Алаша руынан екен. Патша заманында сұлтандар мен старшындардың әділетсіздіктерін, халыққа жасап отырған озбырлықтарын тура айтып, тік мінезімен жақпаған. Байторыдан: Көшербай, Жайлау, Жазық, Саттық, Қонысбай және Жаңабайбақты өрбиді. Жұмыр батыр Байторы атаның Жайлау бөлімінен тараған.

27. Қаржауұлы Науша

Науша Қаржауұлы 19 ғ-дың 1-жартысында өмір сүрген батыр. Тегі — байбақты руынан. Ол інісі Наурызәлімен бірге руластарын басқарып, 1827 ж. көктемде Бөкей ордасын шарпыған толқуға қатысады. Олар Қаратоғай батыр Мәметұлы бастаған алаша руының көтерілісшілеріне қосылып, Жәңгір ханға Астрахан және Орал казак орыстарының озбырлықтарынан қорғап, таласты жер мәселесін шешуді — Қараөзеннің шығыс жағалауы мен Сарыөзеннің бойын қазақтарға қайтаруды, алым-салықтар мөлшерін

азайтуды, т.б. талап етеді. Көтерілісшілердің сесінен қаймыққан Жәңгір хан Еділ бойындағы Владимировка кентін паналап, әскери көмек сұрайды. Толқушынарды басуға шыққан Орал казак-орыс отряды тікелей шабуылға шығуға бата алмайды, ал оларға қарсы күш көрсетуге бел байлаған Науша және Қаратоғай батырларға көтерілісшілер тобындағы шеркеш руының беделді азаматы Жақсыбаев басу айтып, тоқтады. Уақиға қантөгіссіз аяқталып, бейбіт түрде тарқағанымен халықтың патшалық және жергілікті билікке наразылығы тоқтамайды. Архив құжаттарында баяндалған мұндай толқулардың басында Науша батырдың есімі тұрады.

28. Есет Көтібарұлы

Есет батыр Көтібарұлы (1807-1888) - халықтың әйгілі батырларының бірі. Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстың басшысы, Кіші жүздің Қабақ руының басқарушысы болған. Ақтөбе облысының Шалқар ауданындағы Шалқар көлінен жеті-он шақырым жердегі Ақши бойында дүниеге келген. 1838 жылы Жоламан батырмен бірге көтеріліске шығып, Елек қорғанына шабуыл жасаған. 1847-1878 жылдары Жанқожа батырмен бірге Қоқан, Хиуа хандықтарына қарсы шықты. 1847-1858 жылдары Есет батыр Арал теңізінің батыс жағалауын, Үлкен және кіші Борсық құмдары мен Мұғалжар тауларын, Жем, Сағыз, Ырғыз, Елек, Ойыл, Қыйыл өзендерінің бойын жайлаған қазақтардың Ресей империясының отаршылдық саясатына қарсы көтерілісіне басшылық жасады. XIX ғасырдың 40-50 жылдарындағы Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісі, негізінен, ұсақ қимыл-әрекеттермен сипатталды.

29. Сейіл Түркебайұлы.

Сейіл түркебайұлы-батыр, қолбасшы. 12 ата Байұлына жататын Алаша руының Қарабура атасынан шыққан. Патшалық Ресей үкіметінің қазақ даласын отарлау жөніндегі 1968 ж. Әкімшілік реформасын енгізуге қарсы шығып, Орал, Торғай облыстары көтерілісшілерін басқарған. Ғұмартанушы ғалым Мақсат Тәж-мұрат «Шәңгерей» деген кітабында «Ел-ауа» кезінде жаңа низаға көнбейміз деп патшаға қатты қарсылық көрсеткен елдің байбақты Беркін, табын Алдаш пен Дәуіт, тана Жармұханбет, алаша Сейіл есімдерін атап,» арыстанды жалаңаш қолымен жуасытқан шеркеш Тұрлан, Бекқожалар Шәңгерей тұсында өткен батырлар» десе, Халел Досмұхамедов Исатай Тайманов жайлы жазған «Еңіреп өткен ер еді» деген кітабында патша өкіметінің құрығынан құтылу үшін Кіші жүзде көпке әсер беріп, бүтін жұртты қозғаған, тарихта болған көтерілісті тізіп, оның ішінде Сейіл бастаған көтерілісті айтады. Көкжар бекінісіне көмекке жіберген отряд бастығы полковникті жолда қарабура руының жігіттері өлтіреді.

30. Байғозы Қосарұлы

Байғозы Қосарұлы – Сейіл Түркебайұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатысқан тұлға болса керек. Сейіл Түркебайұлы – батыр, қолбасшы. Он екі ата Байұлына жататын алаша руының қарабура атасынан шыққан. Патшалық Ресей үкіметінің қазақ даласын отарлау жөніндегі 1868 жылы жаңа әкімшілік ережесін енгізуге қарсы шығып, Орал, Торғай облыстары тұрғындарының көтерілісін басқарған. Шүрек қауымы – Саралжын ауылдық округіндегі бұрынғы Бесотар бөлімшесіне қарасты Сарғали қыстағынан 2 шақырым жерде, қырдың басында орналасқан. Саралжын ауылынан 25 шақырым жерде. Қорымда 20-ның үстінде көне құлпытас бар. Бұл құлпытастың үш жағында араб әріптерімен жазылған мәтін бар. Мағынасына қарағанда, құлпытас үш адамға – еріне, әйеліне және баласына қойылған. Ескерткіште бес қарудың суреті салынуы

– қабір иесінің (бұл жерде Байғозы Қосарұлы) қару ұстаған батыр болғандығын білдіретіндей.

31. Хиуаз Доспанова

Хиуаз Қайырқызы Доспанова 1922 жылы мамырдың 15 Ганюшкин ауылында (қазір Атырау облысы) дүниеге келген. Әкесі Қайыр — балықшы, анасы Меруерт — мұғалім болып еңбек еткен. Ұшқыштық өмір жолын Оралдың аэроклубында бастап, кейін әйгілі ұшқыш Марина Раскова басқарған 46-гвардиялық полкінің құрамында 300-ден астам әуе шайқастарына қатысқан Хиуаз Доспанова сол кездің өзінде теңдессіз ерлігі үшін «қанатты қыз» атанған еді. Соғыстан кейін лауазымды қызметтер атқарған Хиуаз Доспановаға Елбасының Жарлығымен Халық қаһарманы атағы берілген болатын. «Арада ширек ғасырдан астам уақыт өтсе де, алғашқы әскери операцияға барғаным көз алдымда кеше ғана болғандай сайрап тұр» дейді Хиуаз апай. ... Жаумен аспандағы шайқаста 300 рет болып қайтқан Хиуаз ұшақтан 14 рет құлапты. Төрт мәрте ауыр жарақат алып, есін жиысымен ұрыс даласына қайта оралып отырған. Жаумен шайқаста асқан ерлік көрсете білді.

32. Кенжебай Мәденов

Ратушаға ту тіккен қаһарман Кенжебай Мәденов – батырлардан қалған асыл тұяқ. Қазақы шежірені тарқатсақ, Құлмәліден Өтеміс, Шыбынтай, Жақсылық, Қабылай, Шыбынтайдан Мәден, Кенжебай өрбиді. Өтемістен қас батыр, дауылпаз ақын Махамбет тарайтындығы барша қазаққа белгілі. 18 жасқа толмаған Кенжебай өз еркімен Қызыл Армия қатарына аттанды. Кіші командирлер даярлайтын Краснохомск жаяу әскер училищесін ойдағыдай аяқтаған соң, сол жылдың қараша айында 170-ші гвардиялық атқыштар полкінің құрамында станокты-пулеметшілер бөлімшесінің командирі болып Украина жерінде қанды шайқасқа түсті. Кіші командир К.Мәденов 5-ші Екпінді армияның офицерлік жаяу әскер курсы тәмамдаған соң, кіші лейтенант атағын алып, Суворов орденді 1008-атқыштар полкі, 2-ші батальон ротасының 5-атқыштар взводына командир болды. Екінші дүниежүзілік соғыстың ең сұрапыл шайқастары Днепрден өту, Яссы-Кишинев операциясына, Варшаваны азат ету, Висла-Одер операциясына, Берлинді алу шабуылына қатынасты. 1945 жылдың 16 сәуіріндегі «Берлин шабуылы» операциясы екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ең ірі әрі сұрапыл шайқас болғаны тарихтан белгілі. «Берлин операциясы» кезінде 29 сәуір күні лейтенант К.Мәденовтің взводы бірінші болып фашистердің атышулы Рейхстагтан кейінгі негізгі ұясы – Ратуша үйіне басып кіріп, Жеңіс туын тіккен еді.

33. Мәншүк Мәметова

Мәншүк Жиенғалиқызы Мәметова (шын есімі - Мәнсия) - 1922 жылы Орал облысы Орда ауданында туып, 1943 жылы қазанның 16-ы күні майданда қаза тапты. Қаһарман қазақ қызы - Кеңес Одағының Батыры (1944). Анасы еркелетіп Моншағым дей бергеннен Мәнсияның тілі келмей өзін Мәншүк деп кеткен. Ата-анасынан ерте айырылған Мәншүк балалық, жастық шағын Алматыда Ә.Мәметованың тәрбиесінде өткізеді. Ұлы Отан соғысы басталған кезде Алматы медициналық институтында оқып жүрген. 1942 жылы тамызда ол өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, 21-інші атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты. Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған

кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты. Павлодар облысының колхозшылары Батыр қыздың құрметіне Мәншүк атындағы танк колоннасын құруға қаражат жинады.

34. Әлия Молдағұлова

Әлия Молдағұлова Ақтөбе облысы, Хобда ауданы, Бұлақ ауылында Сарқұлов Нұрмұхаммед және Молдағұлова Маржанның отбасында 1925 жылдың 15 маусымында дүниеге келген. Әлия 8 жасқа келгенде, анасы қайтыс болады. Соғыс басталған соң, балалар үйімен бірге, Ярослав облысының Вятское селосына эвакуацияланған. Вятское орта мектебінен 7 сыныпты бітірісімен, Рыбинск авиациялық техникумына түседі, бірақ көп ұзамай (1942 жылы) ЖШҚӘ-ға (Жұмысшы-Шаруа Қызыл Әскері) майданға жіберу туралы өтініш жібереді. 1942 жылы Әлия өз еркімен майданға аттанып, мергендер мектебін үздік бітірді. Бірақ біраз уақытқа дейін оның алғы шептегі атыс-шабыс алаңында білім-білігін іс жүзінде көрсетуіне рұқсат етпеді. Бірақ жас қазақ қызы алға ұмтылды, жауға қарсы оқ жаудыруға асықты. Бір хатында ол өз құрбылары мен достары үшін фашистерден кек алуды қалайтынын жазады. Өзі оқыған қаласының құрсауда қалғаны оны қатты алаңдататын еді. 1943 жылы Снайперлер дайындау орталық әйелдер мектебін аяқтайды. 1943 жылдан бастап, 54-ші арнайы атқыштар бригадасы 4-батальонының снайпері болған (22-ші әскер, 2-ші Балтық жағалауы фронты). Жау әскерінің 30-дан аса сарбазы мен офицерінің көзін жойған. 1944 жылы 14 қаңтарда Псков облысының солтүстігіндегі Новоскольникови ауданында қаза тапты. 19 жасар Әлияны майдандас жолдастары "Шығыс жұлдызы" деп атаған екен.

«Кіші жүз батырлары» факультативтік курсының оқу жоспары
Аптасына – 1 сағат, барлығы-34 сағат

р/с	Тақырыбы	Сағат саны	Дереккөздер	Уақыты
1	«Кіші жүзді найза бер де, жауға қой»	1	«Abai.kz» ақпараттық орталығы Ж.Жақсығалиев	
2	Аққозы–Қобыланды батырдың серігі	1	Zhaikpress.kz порталы	
3	Жалаңтөс баһадүр Сейіткүлұлы	1	«Тарихи тұлғалар»	
4	Жиёмбет Біртоғашұлы	1	«Бес ғасыр жырлайды»	
5	Байбарақ Құдайкүлұлы	1	«Байбарақ батырдың бастауы», 2012ж.	
6	Шолан батыр	1	«Алаш айнасы»	
7	Дәуқара Қарақожаұлы	1	Қаратөбе ауданы, тарихи – танымдық анықтамалық, 2008ж.	
8	Бармақ батыр	1	«Қос батырдың хикаясы», Қ.Хасанов,2000ж.	
9	Қоске батыр	1	El.kz	
10	Қалқаман Шаңқанұлы	1	«Алаш айнасы»	
11	Атағозы батыр	1	https://e-history.kz/kz/	
12	Тайлақ батыр	1	Уикипедия ашық энциклопедиясы	
13	Есет батыр Көкіұлы	1	https://e-history.kz/	
14	Қарабатыр Бөкенбай	1	Egemen.kz	
15	Барақ батыр	1	«Егіндікөл тарихы», Н.Сафуллин, Орал 2016	
16	Сатай батыр	1	Қ.Хасанов «Байғұтты- Шолаққамыс» батырлары, 2003 ж.	
17	Досан батыр	1	https://e-history.kz/	
18	Сырым Датұлы	1	«Батыс Қазақстан облысының тарихы» Орал, 2015	
19	Қаратау Өмірзақұлы	1	Қ. Хасанов «Ескірмейтін есімдер», 2008 ж.	
20	Тіленші Бөкенбайұлы	1	«Үш таған» журналы	
21	Жоламан Тіленшіұлы	1	History.kz сайты	
22	Есенаман батыр	1	Н.Сафуллин «Егіндікөл тарихы»	
23	Исатай Тайманұлы	1	«Тарихи тұлғалар»	
24	Махамбет Өтемісұлы	1	«Махамбеттің тағдыры» Б.Аманшин	
25	Жанқожа Нұрмұхамедұлы	1	«Тарихи тұлға»	
26	Жұмыр батыр	1	«Dana kaz» журналы	
27	Науша батыр	1	Қ.Хасанов «Байғұтты- Шолаққамыс» батырлары, 2003 ж.	
28	Есет Көгібарұлы	1	«Тарихи тұлғалар»	
29	Сейіл Түркебайұлы	1	Қ. Хасанов «Ескірмейтін есімдер», 2008 ж.	

30	Байғозы Қосарұлы	1	«Dana kaz» журналы	
31	Хиуаз Доспанова	1	https://e-history.kz	
32	Кенжебай Мәденов	1	Қаратөбе ауданы, тарихи – танымдық анықтамалық, 2008ж.	
33	Мәншүк Мәметова	1	Батыс Қазақстан облысының тарихы, Орал,2015	
34	Әлия Молдағұлова	1	«Тарихи тұлға»	

Пайдаланылатын дереккөздері:

1. Zhaikpress.kz порталы
2. Қаратөбе ауданы, тарихи –танымдық анықтамалық, 2008 ж.
3. «Қос батырдың хикаясы», Қ.Хасанов,2000 ж.
4. «Егіндікөл тарихы», Н.Сафуллин, Орал 2016 ж
5. Қ.Хасанов «Байғұтты-Шолаққамыс» батырлары, 2003 ж.
6. «Dana kaz» журналы
7. Қ. Хасанов «Ескірмейтін есімдер», 2008 ж.
8. «Тарихи тұлғалар» Б. Тоғысбаев, А. Сужикова, Алматыкітап, 2011 ж.
9. Батыс Қазақстан облысының тарихы, Орал,2015 ж.
10. history.kz порталы
11. Тауасарұлы Қазыбек бек. «Түп-тұқианнан өзіме шейін». -Алматы, 1993 ж.

№1 сабақ

Сабақтың тақырыбы:	<u>«Кіші жүзді найза бер де жауға қой...»</u>		
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары	Кіші жүз халқының ерлігімен, жаужүректілігімен танымал болуының себептерін анықтайды. Қазақ мемлекетінің тұтастығын сақтауда Кіші жүздің ерекше рөлін көрсетеді.		
Сабақ мақсаты	Барлығы: Батырлардың осы өлкеден шығу себептерін түсінеді. Көпшілігі: Батырлық, ерлік істер туралы деректерге талдау жасайды. Кейбірі: Батыр, батырлық, ерлік ұғымдарының маңызын ашады		
Бағалау критерийі	- туралы мәліметтермен сипаттайды. - Батырға қатысты дереккөздерімен талдайды - Өлке тарихындағы маңызын бағалайды.		
Дереккөздері	• Ж.Жақсығалиев «Кіші жүзді найза бер де, жауға қой...», 19 наурыз 2012 ж. «Abai.kz» ақпараттық орталығы • «Батыс Қазақстан облысының тарихы» Орал, 2015 ж. • «Бес ғасыр жырлайды»		
Құндылықтарға баулу	-Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік -құрмет -ынтымақтастық -ашықтық		
Алдыңғы білім	Кіші жүзден шыққан батырлар есімдерін біледі		
Сабақ барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар	
Сабақтың басы 2 мин	<u>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу</u> Ой қозғау: «...Алшын ата баласы - Сұлтансыық, Бақсиық, Хан қызы екен анасы, Қаннан кеуіп көрген жоқ, Найзасының сағасы, Он екі ата - Байұлы, Жеті аталы Жетіру, Әлім менен Шөмекей, Халқымның еді жағасы» Сүйінбай Аронұлы -Тарихи сана дегеніміз не? -Халықтың тілін, ата тарихын ұмытуына не себеп болады? ҚБ «Пікірің ұтымды!» , «Ойың нақты!» мадақтау	https://abai.kz/post/12836	
3 мин			

	«Даңғайыр аумақты бауырына басып жатқан Кіші жүз халқы - батырлар ұрпағы» деген Ш.Уәлиханов сөзі арқылы сабақ тақырыбы мен мақсаты айтылады					
6 мин	Жүппен талқылау Махамбет батыр: «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылдық, Тептер үшін тебістік» Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян» деген дастанында: «Еділді тартып алғаны, Етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны, Жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны, Ойдағысы болғаны. Қоныстың барма қалғаны» Дескриптор: • Топонимдерді теріп жазады • Батырға тән қасиеттерді жазады. • Толғаулар баяндалған оқиғаны анықтайды. ҚБ«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы өзара топтық бағалау Саралау: оқушылардың көпшілігі өзен, жер атауларын жазады.	«Бес ғасыр жырлайды»				
Сабақтың ортасы 15 мин	Белсенді оқыту әдістері • Оқыту формасы: топтық жұмыс • Әдісі: «Кезбе тілші» 1-топ: «Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресте ерлік көрсеткен батырлар» <table><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор</td></tr><tr><td>Қосымша дереккөздегі оқиғаларды сипаттайды</td><td>Жоңғар шапқыншылығына күрестегі батырларды біледі</td></tr></table>	Бағалау критерийі	Дескриптор	Қосымша дереккөздегі оқиғаларды сипаттайды	Жоңғар шапқыншылығына күрестегі батырларды біледі	Мәтінмен танысып, топта деректерді талдайды, берілген әдіспен сыныпқа таныстырады. • «Батыс Қазақстан облысының тарихы» Орал, 2015 ж.
Бағалау критерийі	Дескриптор					
Қосымша дереккөздегі оқиғаларды сипаттайды	Жоңғар шапқыншылығына күрестегі батырларды біледі					

5 мин		Батырлардың тарихтағы орнын анықтайды
	2-топ: Күнбатыс Алашорда	
	Бағалау критерийі	Дескриптор
	Алаш қозғалысының қалыптасуын сипаттайды	Қаратөбеде өткен съездге байланысты деректерді біледі 3 факт келтіреді
	3-топ: Батыс Қазақстандықтар Сталинград майданында	
	Бағалау критерийі	Дескриптор
	Кеңес Одағының Батыры атағы берілген тұлғаларды сипаттайды	Майданда ерлік көрсеткен батырларды біледі Қаратөбе ауданынан ҰОС қатысқандарды анықтайды
	Саралау: Оқушылар бір-біріне көмектеседі, дереккөздерді пайдаланып, өзіндік пікірлері арқылы ұстанымдары қалыптасады, барлығы топтық жұмыс үдерісіне тартылады.	
Сабақтың соңы	6 мин	«Найзасының ұшы алтын, бірі етек, бірі жең» тақырыбында эссе жазу (250-300 сөз) Саралау: Оқушыларға өз ойын жеткізе алуына қолдау көрсету мақсатында 1. Оқушылар дәлелді фактілерді таңдайды. 2. Өзіндік пікірін нақыл сөзбен байланыстырады. 3. Өз ұстанымдарын дәлелмен жазады. Рефлексия: «Бүгінгі өз оқуыңды графикке сал» әдісі
	3 мин	

№2 сабақ

Сабақтың тақырыбы:	<u>Аққозы батыр-Қобыланды батырдың серігі</u>		
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары	Батыр туралы деректер негізінде талдау жасайды Батырдың ерлік істеріне баға береді		
Сабақ мақсаты	<i>Барлығы:</i> Аққозы батырдың өлке тарихындағы орнын түсінеді. <i>Көпшілігі:</i> Қобыланды жырындағы батыр туралы деректерге талдау жасайды. <i>Кейбірі:</i> Батырдың ерлік істеріне баға береді.		
Бағалау критерийі	- Аққозы батыр туралы мәліметтермен сипаттайды. - Батырға қатысты дереккөздерімен талдайды - Өлке тарихындағы маңызын бағалайды.		
Дереккөздері	• «Қобыланды батыр» жыры • «Қаратөбе» тарихи-танымдық энциклопедия • zhaikpress.kz порталы • «Ана тілі» газеті		
Құндылықтарға баулу	-Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік -құрмет -ынтымақтастық -ашықтық		
Алдыңғы білім	Кіші жүз аймағының өзіне тән ерекшелігін біледі.		
Сабақ барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған түрлері	жаттығу	Ресурстар

Сабақтың басы 3 мин 4 мин	Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу Өлкедегі тарихи ескерткіштер суреттерімен топтастырамын 1 топ – Мұхит кесенесі 2 топ – Қаратау кесенесі 3 топ – Құныскерей үңгірі БЫМ Түрткі сұрақ: -Бұл тұлғалардан сіздердің топ атауларыңыз шықты. Олай болса, топ атауына алынған тұлғалар туралы қандай деректер білесіздер? ҚБ «Жарайсың!» , «Тамаша!» мадақтау сөздері Миға шабуыл «Қобыланды батыр» жырының Қоржын жырлаған нұсқасында беріледі: Қияқтан шыққан бес батыр, Қарақозы, Аққозы – Қатардан асқан қос батыр. «Қобыланды батыр» жырынан үзінді тыңдау арқылы сабақ тақырыбы мен мақсаты айтылады	zhaikpress.kz порталы   						
6 мин	Қосымша мәтіннен деректерді тірек кестеге жазып отырамыз. Топтан жақсартылған жұмысты таныстырамыз. <table><tr><td>Жер атаулары</td><td></td></tr><tr><td>Баяндалған оқиға</td><td></td></tr><tr><td>Тұлғалық қасиеттері</td><td></td></tr></table> Дескриптор: - Батырдың жеке қасиеттеріне байланысты фактілерді теріп жазады - Батырдың тұлғалық қасиеттерін жазады. - Дереккөзде баяндалған оқиғаны анықтайды. ҚБ«Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі арқылы өзара топтық бағалау	Жер атаулары		Баяндалған оқиға		Тұлғалық қасиеттері		«Қаратөбе» тарихи-танымдық энциклопедия «Ана тілі» газеті zhaikpress.kz порталы
Жер атаулары								
Баяндалған оқиға								
Тұлғалық қасиеттері								

	Саралау: оқушылардың көпшілігі батырдың тұлғалық қасиеттерін жазады.																
Сабақтың ортасы 15 мин	Белсенді оқыту әдістері - Оқыту формасы: топтық жұмыс - Әдісі: «Ойлан, бірік, бөліс» 1-топ: Аққозы батыр бейнесі <table><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор</td></tr><tr><td rowspan="2">Қосымша дереккөздегі оқиғаларды сипаттайды</td><td>Аққозы батыр мен Қобыланды батырдың өмірдерегін біледі</td></tr><tr><td>Батырдың тарихтағы орнын анықтайды</td></tr></table> 2-топ: Аққозы ауылының тарихы <table><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор</td></tr><tr><td rowspan="2">Ауылдың қалыптасуын сипаттайды</td><td>Ауыл тарихына байланысты деректерді біледі</td></tr><tr><td>3 факт келтіреді</td></tr></table> 3-топ: Аққозы атауы берілуі <table><tr><td>Бағалау критерийі</td><td>Дескриптор</td></tr><tr><td rowspan="2">Батыр атауы берілген нысандарды сипаттайды</td><td>Кемінде 3 нысанды біледі</td></tr><tr><td>Жаңадан Аққозы есімі берілген нысандарды анықтайды</td></tr></table> ҚБ Шапалақтау арқылы бағалау жүргізіледі. Саралау: Оқушылар бір-біріне көмектеседі, дереккөздерді пайдаланып, бір-біріне	Бағалау критерийі	Дескриптор	Қосымша дереккөздегі оқиғаларды сипаттайды	Аққозы батыр мен Қобыланды батырдың өмірдерегін біледі	Батырдың тарихтағы орнын анықтайды	Бағалау критерийі	Дескриптор	Ауылдың қалыптасуын сипаттайды	Ауыл тарихына байланысты деректерді біледі	3 факт келтіреді	Бағалау критерийі	Дескриптор	Батыр атауы берілген нысандарды сипаттайды	Кемінде 3 нысанды біледі	Жаңадан Аққозы есімі берілген нысандарды анықтайды	Мәтінмен өздері танысып, топта талдайды, берілген әдіспен сыныпқа таныстырады.
Бағалау критерийі	Дескриптор																
Қосымша дереккөздегі оқиғаларды сипаттайды	Аққозы батыр мен Қобыланды батырдың өмірдерегін біледі																
	Батырдың тарихтағы орнын анықтайды																
Бағалау критерийі	Дескриптор																
Ауылдың қалыптасуын сипаттайды	Ауыл тарихына байланысты деректерді біледі																
	3 факт келтіреді																
Бағалау критерийі	Дескриптор																
Батыр атауы берілген нысандарды сипаттайды	Кемінде 3 нысанды біледі																
	Жаңадан Аққозы есімі берілген нысандарды анықтайды																

4 мин	түсіндіру арқылы өзіндік ойлары қалыптасады, барлығы топтық жұмыс үдерісіне тартылады. ЖТ Мәтінмен жұмыс жасап болған соң, жеке тапсырма беріледі. Тақтада берілген дайын жауап арқылы өзін-өзі бағалайды. Саралау: білім деңгейі әртүрлі оқушыларға беріледі. Үлгерімі жоғары оқушылар басқаларына қарағанда тез орындайды.	
Сабақтың соңы 8 мин	«Құндылықтар спектрі» әдісі арқылы қарама-қарсы екі пікірде талқылау жүргізеді. -«Аққозы-Қобыланды батыр серігі» деген тұжырыммен келісесіз бе? Дескриптор: -Батырдың тарихи роліне 3 факт келтіреді ҚБ «+-» әдісі арқылы бағалайды, қарсы жаққа қосарын, артығын алып тастауды айтады. Саралау: Оқушыларға өз ойын жеткізе алуына қолдау көрсету мақсатында 4. Оқушылар өз ұстанымын таңдайды. 5. Өзіндік пікірі қалыптасады 6. Өз ұстанымдарын дәлелмен түсіндіреді. Оқушылардың сабақ барысында білгендерін «Қызықты мәлімет, маңызды әрекетім, тосын сұрағым» әдісі арқылы білемін	

№27 сабақ

Сабақтың тақырыбы:	<u>Науша батыр</u>		
Осы сабақта қол жеткізілетін мақсаттары	Батыр туралы тың деректер негізінде талдау жасайды Батырдың ерлік істеріне баға береді		
Сабақ мақсаты	Барлығы: Науша батырдың өлке тарихындағы орнын түсінеді. Көпшілігі: Науша батыр туралы деректерге талдау жасайды. Кейбірі: Батырдың ерлік істеріне баға береді.		
Бағалау критерийі	- Науша батыр туралы мәліметтермен сипаттайды. - Батырға қатысты дереккөздерімен талдайды - Өлке тарихындағы маңызын бағалайды.		
Дереккөздері	• «Байбақтыда Наушадай батыр өткен...» Қазбек Құттымұратұлы, «Дана каз» журналы • «Қаратөбе» тарихи-танымдық энциклопедия • zhaikpress.kz порталы		
Құндылықтарға баулу	-Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік -құрмет -ынтымақтастық -ашықтық		
Алдыңғы білім	Сатай батыр және оның ерлігі туралы біледі.		
Сабақ барысы			
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар	
Сабақтың басы 2 мин	<u>Оқушылармен сәлемдесу, түгендеу</u> «Жайық бойындағы шайқасқа қатысқан Назаров деген казак-орыс өздерінің жеңілу себебіне байланысты «бізге қарай атоылап шапқанда Наушаның бір өзі жүз кісі сияқты болып көрінді» деп куәлік берген.	https://adebiportal.kz/kz/characters/view/207	
3 мин	«Ал байбақтының батыры Науша Қаржауұлы: «Біз де Жәңгірдің жылтыс сөзіне сенбейміз. «Қарыс ақылдан тұтам қайрат артық», мен орыс әскерін жарып өтіп, Жайықтан асамын. Маған еретіндерің ер соңымнан!» - деп ұшып тұрып, көк бедеуге мініп, «Алаш! Алаш!» деп айқай салады. Қарға бойлы Науша шымыр денелі, найзагер, соғыс тәсілін біледі екен, өзіне ілескендер көшін Жайықтың «Шаппа өткел» деген тұсына әкеледі. Өзі қайратты жгіттерді	http://danagaz.kz/barlyk-nomirler/2013/6-7/item/212-bajbaktyda-naushadaj-batyr-otken	

	ұтымды пайдаланып, көшті қорғап, қайта-қайта шабуылға шығып, жеңістік бермей, көші аман-есен түгелдей өтіпті» - дей-ді Түрткі сұрақ: -Бұл естеліктен батырдың тұлғасы туралы не айтар едіңіз? ҚБ «Пікірің құнды» , «Ойың тамаша!» мадақтау сөздері Сабақ тақырыбы мен мақсаты айтылады							
6 мин	Қосымша мәтіннен деректерді тірек кестеге жазып отырамыз. Топтан жақсартылған жұмысты таныстырамыз. <table><tr><td>Тұлғалар есімдері</td><td></td></tr><tr><td>Батыр қатысқан оқиға</td><td></td></tr><tr><td>Дереккөздері</td><td></td></tr></table> Дескриптор: • Батырмен бірге оқиғадағы адам есімдерін теріп жазады • Батырдың қатысқан оқиғаларды жазады. • Дереккөз түрлерін, авторларын анықтайды.	Тұлғалар есімдері		Батыр қатысқан оқиға		Дереккөздері		«Батыс Қазақстан» энциклопедиясы
Тұлғалар есімдері								
Батыр қатысқан оқиға								
Дереккөздері								
Сабақтың ортасы 15 мин	Белсенді оқыту әдістері • Оқыту формасы: жеке жұмыс • Әдісі: «Айналмалы бекет» 1-бекет: Науша батырдың Жәңгір ханға қарсылығы 2-бекет: Науша батырдың Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысуы 3-бекет: Мәшһүр Жүсіп жазбаларындағы Науша батыр тұлғасы Дескриптор: Қосымша дереккөздегі оқиғаны сипаттайды	Мәтін бойынша тарихи фактілерді талдайды						

Сабақтың соңы 4 мин	«РАФТ» әдісі арқылы батыр рөлін көрсету Дескриптор: -Батырдың тарихи роліне 3 факт келтіреді ҚБ «+-» әдісі арқылы бағалайды, сыныптасына қосарын, артығын алып тастауды айтады. Саралау: Оқушыларға өз ойын жеткізе алуына қолдау көрсету мақсатында 7. Оқушылар өз ұстанымын таңдайды. 8. Өзіндік тұжырымы қалыптасады 9. Тарихи фактілермен түсіндіреді. Рефлексия: «Пирамида» әдісі арқылы 1 тұжырым, 2 сөйлем, 1 сөз жазу	
--	--	--